

## **Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы**

Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қыркүйектегі № а-9/366 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 қазанда № 5566 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің 213 тармағына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Бурабай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақмола облысы Бурабай ауданы әкімдігінің 13.04.2020.№ а-4/152 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесі анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е.Қ.Мұратовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т.Ташмағамбетов*

Бурабай ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы " 15 " 09  
№ а-9/366 қаулысына  
қосымша

## **Аудандық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесі**

1. Еңбекақы және өзге ақшалай төлемдерді төлеу, соның ішінде техникалық персоналдың еңбекақысы және еңбекақыдан барлық ұстап қалулар.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған ақшалай ө т е м а қ ы л а р .

3. Алименттер, міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, жәрдемақылар және өзге әлеуметтік төлемдер, шәкіртақылар.

4. Банк қызметтеріне төлем жасау, қарыздық міндеттемелерді өтеу және қызмет көрсету бойынша төлемдер, бюджеттік субвенциялар, салықтар және бюджетке төленетін өзге міндетті төлемдер.

5. Жанармай сатып алу (ғимараттарды жылытуға қатысты), тамақтандыруды

ұйымдастыру бойынша қызметтер, азық-түлік және дәрі-дәрмектерді сатып алу үшін  
ш ы ғ ы н д а р .

6. Атқарушылық құжаттарды және сот актілерін орындау.

7. Нысаналы трансферттер және жоғары тұрған бюджеттерден бюджеттік кредиттер есебінен жүргізілетін шығыстар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ